

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

25-09-2026 № 15-02-1515

**Т. Рысқұлов ауданының білім бөлім
бөліміне қарасты білім беру
ұйымдарының басшыларына**

***«Менің шағын Отаным» атты республикалық
интеллектуалдық конкурсының Ережелеріне
өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі туралы***

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының 23.09.2026 жылғы №419 хатына сәйкес 9-10 сынып оқушыларына арналған жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты республикалық интеллектуалдық конкурсы өткізілетінін хабарлайды.

Конкурсқа 9-10 сынып оқушылары ғана қатыса алады.

Конкурс үш кезеңнен тұрады:

1. Аудандық кезең – 2026 жылы 15 қазан күні сағат 10:00 де өткізіледі.
2. Облыстық кезең – 2026 жылғы 22 қазан күні сағат 10:00 де өткізіледі.
3. Республикалық кезең – 2026 жылғы 31 қазан мен 2-қараша аралығында өткізіледі.

Конкурстың әр кезеңі екі турдан тұрады:

I тур: барлық өңірлерде бір мезгілде басталатын тестілеу;

II тур: тиісті номинация бойынша стендтік жұмысты қорғау;

Тест тапсырмаларын «Дарын» РҒПО әзірлеп, smart.daryn.kz платформасына орналастырады.

Қатысушыларды тіркеу

Аудандық кезеңге қатысушыларды smart.daryn.kz платформасына тіркеу 2026 жылғы 12 қазанда сағат 09:00-де басталып, 13 қазанда сағат 18:00-де аяқталады.

Белгіленген мерзімде тіркеуден өтпеген қатысушылар Конкурстың аудандық кезеңдеріне жіберілмейді.

Тіркелу және тестілеуге қатысу жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі видеонұсқаулықтар smart.daryn.kz платформасының тіркелу парақшасында қолжетімді болады.

Өтінімді 1-қосымшаға сәйкес үлгіде рәсімдеу қажет.

Осыған орай, аудандық кезеңге қатысатын оқушылардың тізімін *(қосымшада көрсетілген сұраныс үлгісіне сәйкес)* **2026 жылдың 8 қазанына** дейін аудандық білім бөліміне әдіскер Г.Жамалбековаға жіберулеріңізді сұраймыз.

Конкурс туралы ақпаратты білім беру ұйымдарына жеткізуді, мектепшілік кезеңді жаңа Ережелерге (хаттамасымен) сәйкес өткізілуін, қатысушылардың уақытылы тіркелуін және аудандық кезеңге қатысуға өтінімдерді белгіленген мерзімде ұсынылуын қамтамасыз етуді сұрайды.

(Конкурсты өткізу орны қосымша хабарланатын болады)

Қосымша: ереже тіркелді

Басшының м.а.



А. Беделбаев

Орындаған: Г.Жамалбекова
87710355799